

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Аққұлы ауданы білім беру бөлімінің
«Әйтей ауылының негізгі орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

1) Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы):

Қазақстан Республикасы, 140700, Павлодар облысы, Аққұлы ауданы, Әйтей ауылы, Желтоқсан көшесі, 15 ғимарат

2) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт): **40-5-57, lenin_mektep@mail.kz, <https://aitei.aqqulyroo.edu.kz/>**

3) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер):

Байжанов Нүркен Танатович, мектеп басшысы,

4) Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар
Жарғының тіркелуі: «Павлодар облысының қаржы басқармасының»

2022 жылғы 19 қыркүйектегі №653 бұйрығымен бекітілген.

**БСН 9980940002229, «Павлодар облысы әділет департаменті
Ақсу қаласының ауданаралық әділет басқармасы »**

5) Рұқсат етуші құжаттар:

Лицензия №KZ69LAA00032715, 14.10.2022 жылы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ-мен берілді.

2. Кадрлық құрамға талдау:

1) Мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі – педагогтардың кадрлық әлеуетін дамытуға және оған жүктелген функцияларды орындауға және оқу орнының ұзақ мерзімді даму мақсаттарына қол жеткізуге байланысты білім сапасын арттыруға жағдай жасау. Барлық мұғалімдердің педагогикалық білімі бар.

Жылы	Саны	Жоғары	%	Арнаулы орта	%
2022-2023 оқу жылы	19	16	84,2	2	10,5
2023-2024 оқу жылы	16	14	87,5	2	12,5
2024-2025 оқу жылы	19	16	84,5	3	15,7

Мектепте 19 мұғалім жұмыс жасайды, олардың 16 жоғары білімді 84,5%, арнаулы орта 3 мұғалім 15,7%.

Мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру – мектеп ішінде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және біліктілікті арттыру курстарында оқыту арқылы мұғалімдерге ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетіп, олардың біліктілігін арттыратын мектеп әкімшілігінің маңызды міндеттерінің бірі.

Мұғалімдердің біліктілік санаттары туралы мәліметтер

Білім беру ұйымы педагогтерінің жалпы санынан жоғары кәсіптік білімі бар педагогтердің үлесі

Біліктілік санаты	2022–2023 оқу жылы		2023–2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы	
Екінші (ескі санат б/ша)						
Бірінші (ескі санат б/ша)	1	5,2				
Жоғары (ескі санат б/ша)						
Санаты жоқ	4	21	1	6,2	1	5,2
Педагог - тағылымдамашы	2	10,5	1	6,2	0	0
Педагог	2	10,5	4	25,0	8	42,1
Педагог- модератор	2	10,5	3	18,7	2	10,5
Педагог-сарапшы	5	26,3	5	31,25	6	31,5
Педагог-зерттеуші	3	15,7	2	12,5	2	10,5
Барлығы	19	57,8	16	62,5	19	63,1

Педагогтерінің жалпы санынан: "педагог-шебер" – жоқ, "педагог-зерттеуші" – 2 мұғалім 10,5%, сарапшы- 6 мұғалім 31,5%, модератор -2 мұғалім 10,5% пайызды құрайды. Мектебімізде 3 жас маман жұмыс жасайды, олар жалпы саннан 15,7% пайызын құрайды.

2) Қос міндет атқаратын педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер:

2024-2025 оқу жылы

1	Байсал Жарқынай Олжабаевна	Физика мұғалімі	6 сағат
2	Бексултанова Айнур Канатовна	Аға тәлімгер	0,5 үлес
3	Акишев Дамир Кайратович	Дене шынықтыру мұғалімі	3 сағат

3) кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:

Мұғалімдердің қайта даярлау курстары туралы мәліметтер

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселелері бойынша жоспарланған көрсеткіштер орындалуда. Мұғалімдер жыл сайын қайта даярлау курсынан

өтеді.

Біліктілік санаты	2023 жылы	2024 жылы	2025 жылы
Курстық қайта даярлаудан өтті	8 мұғалім өтті	7 мұғалім өтті	12 мұғалім өтті

4) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер:

Мұғалімдердің жетістіктері:

№	Аты-жөні	Пәні	Қатысқан конкурсы
1	Аманжол Қымбат	Қазақ тілі	Аудандық “Үздік әдістемелік құрал” 3 орын
2	Аманжол Қымбат	Қазақ тілі	Облыстық “Тіл мектебі авторлық бағдарламасы конкурсы”, 2 орын
3	Елтаева Алма Сайлауовна	Математика	Аудандық Үздік оқу әдістемелік конкурсында “Авторлық бағдарлама” бағыты бойынша 3 орын
4	Елтаева Алма Сайлауовна	Математика	Облыстық Үздік авторлық бағдарлама облыстық кезеңінің “Физика -математика бағытындағы пәндер” бағыты бойынша 3 орын
5	Ахметжанова Айымхан Муратовна	Математика	Аудандық “Үздік математика пәнінің мұғалімі” байқауында 3 орын алды
6	Сақауова Салтанат Самамтаевна	Орыс тілі	“Пед старт” педагогтарға арналған республикалық олимпиадаында 1 орын
7	Сақауова Салтанат Самамтаевна		А.Байтұрсынов атындағы Республикалық педагогикалық олимпиадасында 3 орын
8	Темирханова Сауле Егеуовна		А.Байтұрсынов атындағы Республикалық педагогикалық олимпиадасында 2 орын
9	Аманжол Қимбат		А.Байтұрсынов атындағы Республикалық педагогикалық олимпиадасында 2 орын
10	Елтаева Алма Сайлауовна	психолог	Аудандық “Жылдың үздік психологы” Республикалық конкурсының аудандық кезеңінде 2 орын

11	Алемханов Сапар Тлеубекович	Дене шынықтыру мұғалімі	Тоғызқұмалақтан Республикалық турнирде 1 орын
12	Сұраған Берекбол	Көркемсурет мұғалімі	Асық атудан Республикалық турнирде 1 орын алды
13	Бексултанова Айнур Канатовна	Аға тәлімгер	Аудандық “Үздік аға тәлімгер” байқауында 2 орын алды.
14	Бексултанова Айнур Канатовна	Аға тәлімгер	Облыстық “ Жыл тәлімгері-2023” байқауында 3 орын алды.
15	Наби Гүлжан	Биология мұғалімі	“Әділетті Қазақстанның 100 дарынды оқушысы” атты республикалық эссе байқауына жеңімпаз дайындағы үшін алғыс хат

5) кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:

Байжанов Нуркен Танатович - мектеп басшысы	Темирханова Сауле Егеуовна -оқу ісі жөніндегі директор орынбасары	Сұраған Берекбол - тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары
“Жан басына қаржыландыруға өту жағдайындағы инновациялық менеджмент” 80 сағат, 21.10.2022ж., “Өрлеу”БАҰО	“Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент” 80 сағат, 28.01.2022ж., “Өрлеу”БАҰО	“ Оқушылардың кәсіби бағдары” бойынша мектеп директорларының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, 40 сағат, 12.06.2020ж., ПШО

3. Білім алушылар контингенті:

1) сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер:
2024-2025 оқу жылында 9 сынып, 6 комплект сыныптары бар. Оқушылар саны:
27, 4 оқушы даярлық сыныпта, 7 оқушы бастауыш сыныптарда, 16 оқушы 5-8
сыныптарда қамтылған.

2) білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

2024-2025 оқу жылы

Сыныптар	Кезеңнің	Келгендер	Шыққандар	Кезең соңы
----------	----------	-----------	-----------	------------

	басы			
0	4		0	4
1	1		0	1
3	3		0	3
4	3		0	3
1-4	7		0	7
5	3		0	3
6	5		0	5
7	6		0	2
8	2		0	2
5-8	16		0	16
Барлығы	27		0	27

4. Оқу-әдістемелік жұмыс:

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

2024-2025 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және оқу-тәрбие процесінде төмендегі нормативтік құжаттарды басшылыққа алынды:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 1 қосымшасының үлгілік оқу жоспары 2-4 сыныптарға және 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 6 қосымшасындағы үлгілік оқу жоспары 5-9 сыныптарға алынды. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту

министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05.2020 ж. № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен) "2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы" әдістемелік нұсқау хаты Б.І. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2023 жылғы 25 сәуірдегі № 3 хаттама)

Биылғы жылғы мектептегі оқу процесін жүзеге асыруда зақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №27 бұйрығының 1 қосымшасының үлгілік оқу жоспары 2-4 сыныптарға және 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 6 қосымшасындағы үлгілік оқу жоспары 5-9 сыныптарға таңдалып алынды, ол педагогикалық кеңес отырысында талқыланды және педагогикалық кеңес шешімімен мектеп бойынша осы үлгілік оқу жоспары таңдалды. (2023 жылдың 1 қыркүйектегі № 2 хаттама).

1-4-сыныптарда білім беру процесі: Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін: 1) білімді функционалды және шығармашылықпен қолдана білу; 2) сыни ойлау; 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу; 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу; 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру; 6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

2024-2025 оқу жылында 2-4-сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктері 1-ден 10 балға дейін (қалыптастырушы бағалау) бағаланады. Білім алушыларды қалыптастырушы бағалау нәтижелері электрондық журналға қойылады. 2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері аптасына 1 сағаттан оқытылады. Қазақ тілдерінде оқытатын 2-сыныпта «Орыс тілі» пәнін оқыту енгізілді. **5-8-сыныптарда білім беру процесі:** Негізгі орта білімнің мақсаты – тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаны қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге негіз жасау, оның ішінде білім алушылардың білім беруге ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру. Негізгі орта білім берудің негізгі міндеттері білім алушылардың: 1) рухани-адамгершілік қасиеттерін;

2) ғылым негіздері бойынша базалық білім жүйесін; 3) өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту дағдыларын; 4) оқу, жобалау, зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыру дағдыларын; 5) сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын; 6) қауымда өз қабілетін өзі іске асыру және өзара әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5,6,7 сыныптарында «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» пәні мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктірілген. Өлкетану- бұл туған өлкенің тарихы, табиғаты мен экологиясы, экономикалық, әлеуметтік-құқықтық дамуы, рухани шыққан тегі, әдебиеті мен көркемөнері. Өлкетану өзінің туған жерінді аялауды, сүюді ғана үйретіп қоймайды, сондай-ақ ол туралы білуінді, тарихқа, өнерге, әдебиетке қызығушылық танытуға, мәдениет деңгейін көтеруге үйретеді. Өлкетану материалдары 5, 6, 7-сыныптарда, яғни әр сыныпта 4 сағаттан 12 сағат көлемінде оқытылады.

1) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру: Сабақтар 2 ауысымда өтеді. 2024-2025 оқу жылын қоса алғанда сабақ кестесін жасауға қойылатын талаптарға сәйкес және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес жасалды (ҚР ДСМ №ҚР ДСМ-20 28-ші бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтырулармен 2018 жылғы қыркүйек және 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ - 76). 1 жылдағы сабақ кестесі "Kundelik.kz" электронды журналында бар. Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігіне әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескере отырып жасалынды. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескерілді және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдаланылды. (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы). Сабақ кестесі ата-аналар комитетінің төрайымы Кумарова Р. келісілді. ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы негізінде жалпы білім беру ұйымдарында сабақтың ұзақтығы 45 минуттан аспайды. Жалпы білім беру ұйымдарындағы апталық оқу жүктемесі осы Санитариялық қағидаларға [3-қосымшада](#) көрсетілген нормалардан аспайды. Бастауыш мектепте қосарланған сабақтарды өткізуге жол берілмеген. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың саны барынша аз күндері жоспарланды. Мектепте барлық оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут үзіліс, үлкен үзіліс екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасалған. Үзілістерді таза

ауаны барынша көп пайдаланып, қозғалыс ойындарымен өткізеді. Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс көзделген. Мектеп алды сыныптардағы сабақтардың барынша рұқсат етілген саны – ұзақтығы 25-30 минуттан төрт сабақтан аспайды. Сабақтар арасындағы үзілістер кемінде 10 минут.

2024-2025 оқу жылының тәрбие жұмысын талдауы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша 2024-2025 оқу жылында өткізілгеніс-шаралар

Тәрбие жұмысының мақсаты:

2024-2025 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып іс шаралар өткізілді.

Жалпы азаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;

ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;

жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастырып, денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойтазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;

табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, тандауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Жалпы биылда тәрбие жұмысы 6 құндылық бойынша жұмыс жүргізілді.

Күнделікті іс-шара бойынша дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Алемханов С.Т., Сұраған Б, ұйымдастыруымен «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»- үзіліс кезінде оқушылар асық ату ойындарын ойнады.

«Өнегелі 15 минут» іс-шарасы бойынша 1-4 сынып оқушылары ата-аналарымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесуі ұйымдастырылды.

«Үнемді тұтыну» іс-шарасы бойынша 1-9 сынып оқушыларына суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша парақшалар, жыдынамалар таратылды.

«Күй күмбірі» мектебімізде қоңыраудың орнына күй пайдаланылды. Және үзіліс кезінде оқушылар күй тындады.

Апта сайын өткізілетін шаралар бойынша «Менің Қазақстаным» - оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұраны орындайды.

«Апта дәйексөздері» - бүкіл білім беру ұйымының оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотивті ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері стендтерде, сынып тақталарында орналастырылды. Ұстаздар мен оқушылардан әр апта дәйексөздері сұралып, сауалнама алынып отырды. Мектеп ұжымы мен оқушылар белсене қатысты.

«Қауіпсіздік сабағы» бойынша 1-9 сынып оқушыларымен салауатты өмір салты, құқықтық сауаттылық, жол қозғалыс ережелері, өмір қауіпсіздігі сақтау туралы сынып сағаттары өткізілді.

17 қаңтар 2024 жылдың – 17 апанына дейін «ДОСБОЛЛИКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» АКЦИЯСЫ өткізілді.

АКЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ: мектеп ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау

АКЦИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Өзара шығармашылық іс-қимыл жағдайында оқушылардың, педагогтердің және ата-аналардың ынтымақтастығы үшін қажеттілікті қалыптастыруға жәрдемдесу

Акцияға барлық 1-9 сынып оқушылары қатысты. Акция барысында парламент ұжымы «Джоджо сюжеті», «Таңғы көңіл-күй», «Барлық сыныппен ламбада биі», түрлі ойындар іс-шараларын ұйымдастырды. Бастауыш сыныптар арасында «Дос болайық бәріміз» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Әйтей аулының негізгі орта мектебінде “Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн” акциясы аясында Даналық мектебі ата-аналармен “Позитивті ата-ана болу” тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: оң тәрбиенің мәнін, принциптерін және дағдыларын дамыту арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту. Өткізген: Даналық мектебі

Әйтей аулының негізгі орта мектебінде 26 қараша күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес 1-4 сынып ата-аналарымен «Назар аударуды дамыту», 5-9 сынып ата-аналарымен «Жадыны дамыту» және

«Өмір бойы оқыту» тақырыптарында ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмысының кезекті сабағы өтті.

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының назарын, есте сақтауын қалыптастыру және ынталандыруға дайындығын арттыру.

Сабағымызға жалпы 14 ата-ана қатысты. Сабағымыз өте қызықты өтті. Ата-аналар белсене қатысты.

«Менің Туым» облыстық жобасына бастауыш сынып оқушылары қатысты. Жоба негізінде бастауыш сынып оқушылары Қазақстан Республикасының туын салып, бояды.«Рухани жанғыру» бағдарламасы аясында “Менің Туым” жобасы бойынша балалар мен жастарды азаматтық-патриоттық бағыттағы әлеуметтік маңызды іс-шараларға тарту. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерге аса құрметпен намыспен қарау.

Аталмыш жоба азаматтардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарау, халқымыздың дәстүрлері мен еліміздің өткен тарих мұраларымызды құрметтеу, жас ұрпақтың белсенді азаматтық ұстанымдарын қалыптастырып, патриоттық рухты күшейту мақсатында өткізілді.

5 қазан күні іс-шара жоспарына сәйкес «Дублер күні» өткізілді.

Мақсаты: Мектептегі өзін –өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.

«Дублер күнін» өткізу туралы мектеп бұйрығы шығарылып, бастамашыл топ құрылды. Мектеп директорының дублері лауазымына кандидатура ұсынылып, мектеп парламентінің президенті Тілеубек Нұрислам тағайындалды. Мектеп парламентінің бастамашыл топ ұжымына Дублер күнінің штаттық кестесі таныстырылды. «Ұстаз! Сіздің алдыңда...» алдыңда атты құттықтау челлендіжі ұйымдастырылып, әлеуметтік желіге салынды. Сонымен бірге, ардагер ұстаздарды құттықтап , желіге орналастырылды. Қабырға газеттері шығарылып, оқушылар ұстаздарға ыстық ықыласын жеткізді. Мектеп қабырғаларын безендіріп, ұстаздарға арналған салтанатты жиынды мектеп парламентінің мүшелері жүргізіп, баяндама оқылды.

Әр пән бойынша оқушыларға әдістемелік көмек көрсетілді. Нұсқау беріліп, жиын өтті. Оқушылар өз бейімдеріне орай, пән мұғалімдерінің қызметін бөліп алысты. Екі ауысымда да сабақ өткізіп, оқушылармен тығыз байланыста болды. Сабақ соңында оқушылардан сауалнама алынып, сауалнама нәтижесі бойынша бастамашыл топтың сабақ беруі оқушылардың көңілінен шыққаны белгілі болды.

5. Оқу-материалдық активтер:

1) Мектептің техникалық сипаттамасы

№		Жалпы сипаттамасы		
1	Салынған жылы	1967г		
2	Жалпы аймағы	825,9		
3	Тиімді аймақ	685,1		
4	Жылыту жүйесі	автономдық		
5	Сумен қамту жүйесі	Орталықтан	Ыстық су бар	2 су қыздыру элементі орнатылған
6	Кәріз жүйесі	автономдық		
7	Әжетхана	Ғимарат ішінде		Жеке кабинкалар
8	Оқу жоспарлары мен жоспарларға сәйкес оқу кабинеттерінің саны жеткілікті	8 кабинет S=380 шаршы метр	Оқу құрал-жабдықтарым ен, оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталған	2023-2024 жж: Шағын орталық – 1 Бастауыш сынып – 2 Қазақ тілі - 1 Шетел тілі - 1 Информатика – 1 Тарих – 1 Үйірме кабинеті-1
9	Лингвистикалық кабинет	Жоқ		
10	Мультимедиялық кабинет	Жоқ		
11	Спорт залының болуы	Бар (бейімделген)	63,8 шаршы метр	
12	Душтармен жабдықталған шешінетін бөлмелердің болуы			
13	Асхана	19-отырғызу орны	4 көзді электр плитасы, электр қуырғыш таба, тоңазытқыш, -1 ас үй сорғышы-1	

14	Кітапхана	8-отырғызу орны	1 компьютер	1. Мектепке дейінгі тәрбиенің оқу әдебиеті 2. Бастауыш сыныптың оқу әдебиеті 3. Орта сыныптың оқу әдебиеті
15	Акт залы	жоқ	Музыкалық Жабдықтар бар	
16	Медициналық кабинет	Бар		
17	Процедуралық кабинет	жоқ		
18	Тіс дәрігерінің кабинеті	Жоқ		
19	Шеберханалар	Жоқ		
20	Токпен қамту жүйесі	Өрт сөндіру, токпен қамту ұйымдастығырылуы нанескерту жоқ	Кабелдің техникалық сипаттамасы тоқтың қолданылуы на сай	
21	Интернет пен телефонизацияның қосылуы	Интернет жылдамдығы 20 мб/сек-ке дейін 1 телефон нөмірі	Кең жолақты интернет	
22	Күрделі жөндеудің өткен уақыты	2015 (пластикалық әйнектер, шатыр ауыстырылған)		
23	Жабдықталған спорт алаңдарының болуы	Корт	Волейбол алаңы (волейбол сөрелері) Баскетбол алаңы (баскетбол тақталары)	

24	Өрт қауіпсіздігі	Автоматты өрт дабылы. Дыбыстық дабыл жиынтығы	8-өрт сөндіргішбар. Уақытылы техникалық тексеру және қайта жүктеуден өтеді.	
25	Антитеррор	11- видеокамера, оның ішінде 9 ішкі, 2 сыртқы. Дабыл жүйесі, дыбыстық хабарландыру.		

2021-2024 жылдар аралығында материалдық-техникалық база нығайтылды:

Планшеттер – 5 дана, компьютерлер – 0 дана, электро плита – 1 дана, кір жуғыш машина -1 дана, шаңсорғыш-1 дана, физика пәніне арналған зертханалық жабдықтар, асханаға ыдыс-аяқтар, мультимедиялық білім беру жүйесі – 1 дана.

2) Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер:

Медициналық қызметке лицензия № 14007435, 2014 жылы 26 мамырда берілген. Мерзімі-шектеусіз. (көшірмесі берілген)

Мектеп мейірбикесі – Бексултанова Динара кабдынасыровна

Павлодар медициналық училищесін 1993 жылы «медбике ісі» мамандығы бойынша бітірген. Мамандығы бойынша медициналық біліктілігін арттыру курсы 2017 жылы 26.06-18.07 аралығында №276 куәлігі бойынша «Дәрігерге дейінгі шұғыл көмек курсымен жалпы мейіргерлік технологиялар» курсы бойынша біліктілігін арттыру курсынан өткен. 2020 жылы 01.06-19.06 аралығында №495 куәлігі бойынша «жалпы жедел дәрігерге дейінгі көмек курсымен» курсы бойынша біліктілігін арттыру курсынан өткен.

Біліктілік санаты - жоғары, “Медбике ісі” мамандығы бойынша 26.08.2020 жылы алған. 26.08.2025 ж. мерзімге дейін жарамды. Тіркеу №KZ10VBM01198875. Берілген күні 26.08.2020 ж.

Медициналық кабинет бар. Медицина кабинеті мектептің бірінші қабатында орналасқан. Кабинеттің жалпы көлемі 9,1 кв.м. 2023-2024 жылы мектептің оқу жылының басында дайындығын тексеру актісі берілген (көшірмесі берілген) Медкабинетте медициналық шкаф, тоңазытқыш, 1 ширма, 1 үстел, 1 қолжуғыш, 1 бойөлшеуіш, 1 салмақ өлшеуішпен жабдықталған.

8) Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер:

Мектеп бойынша асхана 19 орынға арналған. Асхананың жалпы ауданы – 130,2 м². Бөлме саны – 3. Ас даярлайтын бөлменің ауданы – 18,5м². Ас ішетін бөлменің ауданы – 18,6 м², қойма -3,2 м². ,

Ас ішу залында үстелдер, орындықтар, қол жуатын раковина, сұйық сабын, қоқыс салатын жәшік орналастырылған. Асханада «Ас адамның арқауы!» тақтасы, ақпараттық стендтер ілінген. Мектеп асханасында 2 аспазшы бар. Санитарлық кітапшалары талапқа сай, медициналық тексерістен уақытылы өткен. Жұмыс барысында халат, фартук, орамал, екінші аяқ киім киеді. Ас пісіру барысында қолдарына арнайы резеңке бес саусақты қолғап киеді. Ауыстырып отыруға халат, фартук, орамалдары үш данадан бар. Ас дайындау барысында, асхана ішінде санитарлық талаптарды орындайды.

Тұрмыстық техникадан келесі тіркелді:

Электр плитасы - 1 дана. Барлық плиталардың пештері жұмыс жасайды. Тоңызытқыш (мұздатқыш камерасымен) - 2 дана , электрлі ет тартқыш- 1 дана, электр су жылытқышы 1 дана , ыдыс-аяқ пен ас үй ыдыстарын жууға арналған 2 секциялы жуу ваннасы бар.

2024-2025 оқу жылындағы оқушыларды ыстық тамақпен қамту тізімі бекітілген. Бастауыш сынып оқушыларының барлығы 100 пайыз ыстық тамақпен қамтылып отыр.

- 1-4 сыныптарда 8 оқушы, бастауыш сынып оқушылары тамақтанады,
- Аз қамтамасыз етілген отбасы тізімімен - 4 оқушы,
- Көпбалалы отбасы тізімімен – 5 оқушы,
- Жалпы оқу қорынан тамақтансын барлығы – 9 оқушы,
- Даярлық топ - 1 тәрбиеленуші,
- Демеушілер есебінен - 15 оқушы тізімге алынып, демеушілер есебінен және мектеп жанындығы бақша есебінен тамақтансын .

Барлығы тізімге 33 оқушы Әйтей ауылының негізгі орта мектебінде тамақтанады.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор:

1) Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер:

№	Көрсеткіштер	2024-2025 оқу жылы
1	Жалпы кітап қоры	7377
2	Оқулықтар мен оқу әдістемелері,	2110
3	Көркем және басқа да әдебиеттер	5233

Кітапхана көрсеткіштері

№	Оқу жылдары	Оқырман саны	Келушілер саны	Кітап берілімі
1	2024-2025	54	850	920

2024-2025 оқу жылының оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз етілуі

№	сыныптар	Оқушының саны	Оқулықтар саны	Қамтамасыз етілуі		Оқулықтарды мектептен алынды
				саны	%	
1	1	0	1	1	100%	-
2						-
3	3	3	3	3	100%	-
4	4	3	4	4	100%	-
5	5	3	3	3	100%	-
6	6	5	5	5	100%	-
7	7	6	10	6	100%	-
8	8	2	9	2	100%	-

2) Интернет желісіне қосылған компьютерлердің, компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер:

Білім беру мекемесін ақпараттандыру бағдарламасын іске асыру мынындай мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Білім беру кеңістігін заманауи деңгейде ақпараттандыруды жүзеге асыру үшін мектепте жеткілікті материалдық техникалық база бар. Айта кететін болсақ цифрлық жабдықтары бар физика кабинеті, ал компьютер кабинетінде сәл баяу және есептен шығаруды қажет компьютерлер бар. АКТ-ны қолдану тәжірибесі сабақтан алған білімдерін кеңейтіп, шығармашылықтарын арттыруға мүмкіндік береді. Мектеп педагогтары мен қоса ата аналар мен оқушылар да kundelik.kz сайты үздіксіз пайдаланады. Ата-ана күнделік арқылы баланың оқу үлгерімін бақылайды. Мектеп білім беру процесінің ресурстарын жүйелеу, жаңарту және толықтыру

бойынша мақсатты жұмыс жүргізеді. Электрондық оқу ресурстары сыныптан тыс жұмыстарда да қолданылады.

Білім беру процесінде АКТ пайдалану нәтижелерін талдай отырып, оқу процесінде компьютерлік технологияны қолдануда айтарлықтай өзгерістер болғаны анық. Мектепте Zebra провайдеріне қосылған. Интернет жылдамдығы 20 Мбит/с.

Компьютер саны туралы мәлімет

Оқу жылдары	2024-2025
Барлығы	25
Оқу үрдісінде қолданылады	16

Оның ішінде түсу кездері бойынша

Оқу жылдары	2024-2025
Планшет	0
Нетбук	0


7. Білім алушылардың білімін бағалау:

1) Білім алушылардың білім сапасы туралы мәліметтер

Мектеп бойынша үлгерім және білім сапасының кестесі 2024-2025 оқу жылы

сынып	үлгерімі	2022-23	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	жыл	"5"	"4"	"3"	оқушы саны
		білім сапасы									
1	100										1
3	100	66.6	33	33	33	33	33		1	2	3
4	100	50	66	66	66	66	66	1	1	1	3
5	100	100	66	33	66	66	66	1	1	1	3
6	100	33.3	80	100	100	100	100	2	3		5
7	100	100	66	66	66	66	66	1	3	2	6
8	100	100	100	100	100	100	100		2		2

орта мәні	100	56,25	68,8	68,1	71,8	68,1	68,1	5	11	6	23
-----------	-----	-------	------	------	------	------	------	---	----	---	----



Үздік оқушылар : 5 оқушы - 4-сынып -Серікбай А. 5-Таңат Айнара, 6 сынып Райханова Ж.,Тілеубек Н., 7сынып Таңат Н. - бұл жалпы саннан 19,5 пайызды құрайды.

2. Екпінді оқушылар: 11 оқушы, жалпы саннан 47 пайызды құрап отыр,

3 сынып- Егеубаева А,

4 сынып- Қали А.,

5 сынып – Серік Д.

6 сынып - Кабиева С., Серік А., Уалиханов Т.

7 сынып - Серік М.,Қаби А., Серікбай А.

8 сынып- Сайделен А. , Серікбай Н., .

Үлгерімі орташа оқушылар саны- 6 олар 33,3 пайызды құрайды. Мектеп бойынша 1 оқушыда 1 ғана үш шыққан, олар: 3 сынып оқушылары Сүлеймнов Е. (ағылшын, мұғалімі Жаңылхан А.) Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгерген («жақсы» және «өте жақсы») 16 оқушы, жалпы саннан 66,5 пайызын құрайды. Оның ішінде бастауыштан 3 оқушы, 5-8 сыныптан 13 оқушы оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгерген.

2)Білім алушылардың пән бойынша білім сапасы

№	Пәндер	I- тоқсан		II- тоқсан		III-тоқсан		IV-тоқсан		Жылдық		динамика	
		Үлг	БС	Үлг	БС	Үлг	БС	Үлг	БС	Үлг	БС		деңгейі
1	Қазақ тілі	100	82	100	82	100	82	100	83	100	83	+1	ұтымды
2	Қазақ әдебиеті	100	82	100	82	100	82	100	83	100	83	+1	жеткілік ті
3	Орыс тілі және орыс әдебиеті	100	91	100	91	100	91	100	94	100	94	+3	жеткілік ті
4	Ағылшын тілі	100	77	100	77	100	77	100	71	100	71	-6	ұтымды

5	Математика/ алгебра	100	77	100	77	100	77	100	77	100	77	+2	жеткілік ті
6	Геометрия	100	75	100	75	100	75	100	75	100	75		жеткілік ті
7	Жаратылыстану/ география	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	+7	ұтымды
8	Физика	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	+42	ұтымды
9	Дүниетану			100	100			100	100	100	100		
10	Биология	100	75	100	75	100	75	100	91	100	91		жеткілік ті
11	Химия	100	100	71	100	100	100	100	91	100	91	+77	ұтымды
12	Қазақстан тарихы	100	100	100	100	100	100	100	95	100	95		ұтымды
13	Дүниежүзі тарихы	100		100	100		100	100	95	100	95		
14	Информатика	100		100	100		100	100	100	100	100		
	Жалпы	100	87, 1	100	87, 1	100	87, 1	100	89, 6	100	89, 6	+2,5	ұтымды

Пән бойынша білім сапасын өткен оқу жылымен салыстырғанда +2,5 пайызға көтерілген. Деңгейі- жеткілікті. Себебі - аптасына 1 сағат болатын пәндер қорытылды. Сонымен қатар ағылшын тілі пәні бойынша білім сапасы төмендегендіктен.

Мектептің білім сапасының төмендеуіне мыналар әсер етті:

- оқушылардың физиологиялық және психологиялық қерекшеліктері;
- Оқушылар контингентінің аздығы;

3) Білім алушыларды аралық аттестаттау.

Аралық аттестаттау мақсаты - білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖМББС) талаптарына сәйкес бағалау.

2. Аралық аттестаттаудың міндеті: білім алушылардың білім берудің келесі деңгей материалдарын игеру дайындығы мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін бағалау. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы; «Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы 2021 жылғы 12

қазандағы № 726 Қаулысы;Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 1-қосымшасы.

3. Емтиханды өткізу талабы.

Емтихан қазақ тілінде өтеді. Емтиханды өткізу уақыты білім беру ұйымының педагогикалық кеңесімен айқындалады (27-31 мамыр аралығында 9,11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау уақытынан басқа уақытта өткізу ұсынылады).

4. Үлгілік оқу бағдарламасымен байланысы

Білім алушыларды аралық аттестаттау негізгі орта білім беру деңгейінің 5-8, 10-сыныптарына «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары МЖМББС күтілетін нәтижелерімен анықталады.

Қазақ тілінің мәртебесін арттыруды көздеп 5-8 -сыныптарда өткізілетін оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша аралық аттестаттау – негізгі орта (5-8 сыныптар) бойынша білім алушылардың бағдарлама мазмұнын меңгеруін бағалау нысаны ретінде қарастырылады.

«Қазақ тілі» пәнінен 5-8 -сыныптарда аралық аттестаттау нәтижесі

Сыныбы	Қатысқандар саны	Оның ішінде			
		«2»	«3»	«4»	«5»
5	3	0	0	2	1
6	5	0	0	3	2
7	6	0	3	2	1
8	2	0	0	2	0

Қазақ тілі пәні бойынша аралық емтихан талдауы

№	Оқушының аты-жөні	Оқылым	Жазылым	ӘТН
5-сынып				
1	Серік Дарико	100%	13%	83%
2	Таңат айнара	100%	50%	83%
3	Тлеубеков Алижан	80%	13%	100%
6-сынып				
1	Кабиева Сымбат	85%	29%	79%

2	Райханова Жасмин	85%	71%	100%
3	Серік Әлинұр	69%	36%	83%
4	Тілеубек Нұрислам	85%	71%	100%
5	Уалиханов Тамерлан	62%	43%	92%
7-сынып				
1	Бажова Милана	62%	30%	71%
2	Жумадилов Нурыш	54%	23%	83%
3	Қаби Аққу	69%	38%	96%
4	Серік Мұстарихан	69%	38%	87%
5	Серікбай Айару	77%	46%	83%
6	Таңат Нұралы	69%	77%	100%
8-сынып				
1	Сайделен Арлан	57%	20%	100%
2	Серікбай Нұртілеу	69%	40%	100%

Кемшіліктер мен пікірлер, оларды шешу жолдары

- Мектеп мұғалімдері оқушылардың пән олимпиадаларына қатыстыру деңгейі төмен.
- Мұғалімдердің кәсіби жарыстар мен олимпиадаларға қатысуының төмен көрсеткіші.
- Облыстық және республикалық деңгейде мұғалімдердің озық тәжірибесін ұсынуы аз.
- Авторлық оқу-әдістемелік құралдардың, бағдарламалардың, әдістемелік ұсынымдардың тым аздығы.
- Білім алушылар контингентінің аз болуы.
- Мектептегі компьютердердің істен шығуы

Шешу жолдары: Дарынды оқушымен жұмыс істеу әдістерін жақсарту.

Мұғалімдер мен оқушылардың олимпиадаларға қатысуын қамтамасыз ету.
Әлеуметтік желілерді белсенді пайдалану арқылы мектеп имиджін дамыту;

Қорытындылар мен ұсыныстар

Өзін-өзі бағалау материалы бағаланатын кезеңдегі барлық бағыттар бойынша мектеп қызметін көрсететін бөлімдерге жинақталады. Тәрбиелік үдерісі мен әдістемелік жұмысы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің, мектеп жарғысының, жергілікті актілердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Мектеп ұжымы тұрақты, кадр қозғалысы жоқ. Курстық оқытудың перспективалық жоспары дер кезінде орындалуда. Жыл сайын оқу процесінің барлық аспектілерін бақылауға және қамтуға мүмкіндік беретін МІБ жоспары құрылады және жүзеге асырылады.

Жаңа 2025-2026 оқу жылына оқу-тәрбие үдерісін жақсарту, білім беру мен оқыту жағдайларын жақсарту, материалдық-техникалық базаны жақсарту, ақпараттық ресурстарды пайдалануды кеңейту үшін мақсат қойып, міндеттерді айқындау, сондай-ақ оларды шешу жолдарын іздестіру.



Мектеп директоры

Н.Т. Байжанов
(қолы)

Байжанов Н.Т.

Орындаған: ОЖДО Темирханова С.Е.